

Бітімгершілік дискурстары: ғылыми ортада қалыптасу процесі

Фарида М. Мұсатаева

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жанындағы Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты, Астана, Қазақстан

Корреспонденция үшін автор:

f.mussatayeva@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-1326-2141>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-144-3-257-268>

Аңдатпа. Қоғамның дамуы мемлекет пен азаматтық қоғам арасында тұрақты байланыстың болуын талап етеді. Бұл азаматтық қоғам институттарымен тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін диалогтың бір түрі. Осыған сүйене отырып, қарама-қайшылықтарды шешу мақсатында ғана емес, жаһандану процестерінің күшеюі жағдайында оларды азайту үшін бітімгершілікті жүзеге асырудың жаңа әдістерін үнемі іздеу өзекті болып табылады. Заманауи талаптарға сай, азаматтық қоғамның менталдық және әлеуметтік-мәдени өзгешелігіне сәйкес келетін бітімгершілік рәсімдерін құрылымдау теоретикалық және практикалық негіздерін жан-жақты зерделеуді талап етеді. Сондықтан ғылыми-академиялық ортадағы, шетелдік дискурстардағы бітімгершілікке қатысты ақпараттық шолу жасау қажеттілігі туындайды.

Аталмыш мақалада «бітімгершілік» ұғымына терминологиялық талдау жүргізілген және аудармашылық жұмыстың екіұштылығы ұғымдық-категориалдық аппарата түсініспеушілікке алып келетіндігі анықталған. Сонымен қатар, бітімгершіліктің халықаралық ұйымдар мен ғалымдардың берген анықтамаларын талдай келе, авторлар оны айғақтайтын параметрлері мен құрамдас бөліктерін жіктеген. Бітімгершіліктің теоретикалық модельдер топтамасы бірнеше ғалымдардың әдіс-тәсілдерін сәйкестендіру арқылы ортақ құрылымға жүйелендірілген. Мақаланың ерекшелігі ретінде «бітімгершілік» терминінің қазақ тілді ғылыми және әлеуметтік ортада қолдану аясы және оның шетелдік тәжірибеден ерекшелігін дәйектеп талдауында.

Ұсынылған мақала би-шешендер институтын, қазақ философиясындағы қоғамдық және әлеуметтік келісім теориясын, конфликттерді конструктивті реттеу мәдениетін зерттеуші жас ізденушілерге қажетті материал болып табылады.

Түйін сөздер: бітімгершілік; бітімгершілік рәсімі; бітімгер; медиация; бітімгершіліктің модельдері; келіссөз; бейтарап тұлға; дауларды шешу.

Received 10 March 2023. Revised 25 March 2023. Accepted 30 July 2023. Available online 15 September 2023.

For citation:

Mussatayeva F.M. Mediation discourses: the process of formation in the scientific environment // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 144. – №. 3. – P. 257-268. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-144-3-257-268>

Для цитирования:

Мусатаева Ф.М. Дискурсы посредничества: процесс становления в научной среде // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 144. – №. 3. – С. 257-268. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-144-3-257-268>

Кіріспе

Конфликт қандай салдарға әкелетініне қарамастан – оң немесе теріс, әрқашан кез келген мемлекеттің, қоғамның, әр адамның өмірінде өткір мәселе болып табылады. Ең алдымен, конфликт орын алатынын, оның шиеленісетінін, оның шешілуін талап ететінін және оны елемеу мүмкін еместігін түсіну қажет. Конфликттің салдары бізге, азаматтық қоғамның барлық мүшелеріне байланысты және біз оны басқаруды, туындаған конфликтогендерді азайтуды, оң нәтижелер мен қорытындыға қол жеткізуді үйренуіміз керек. Айта кету керек, конфликт сындарлы болуы мүмкін. Бұл оның екі тарабы да конфликттің дамуы өздері қалаған оң өзгерістерге әкелуі мүмкін екенін түсінген кезде болады. Осылайша, кез келген конфликтте сындарлы, жағымды элементтер болуы мүмкін. Әрине, туындайтын конфликттер шешуді талап етеді және адамзат тарихында дауларды шешудің көптеген түрлі тәсілдері жасалды. Солардың бірі бітімгершілік болып табылады.

Бітімгершіліктің конфликттерді шешудің басқа әдістерімен қатар (келіссөздер, диалог құру, төрелік, сот және т.б.) әлеуметтік және саяси деңгейлерде өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік айырмашылықтары бар. Ол адами қатынастардың әртүрлі салаларындағы конфликттерді шешу үшін қолданылады және осыған байланысты бітімгершілік табиғаты, оны жүргізу әдістері және т.б. әр түрлі болады. Сонымен қатар, оның проблемалары посткеңестік ғалымдармен әлі толық зерттелмеген. Оларға қазақстандық қоғамтану ғылымында да аз көңіл бөлінеді. Біздің ойымызша, бітімгершілік қызметі арқылы конфликттерді шешудегі теоретиктер мен практиктердің батыстық тәжірибесін түсіну үлкен қызығушылық тудырады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы әзірлеуде зерттеудің жалпы ғылыми және арнайы әдістері қолданылды: талдау, индукция, дедукция, диалектикалық, тарихи және жүйелік

зерттеу әдістері, құжаттарды талдау және т.б. Теоретикалық негізге халықаралық ғылыми ортада танымал ғалымдардың еңбектері (Христофер Бесемер, Ленард Марлоу, Джон Хейнс, Джей Фолберг, Элисон Тейлор, Адам Бернер) алынды және мәтінге дискусстық талдау жүргізілді.

Талқылау

Заманауи отандық зерттеулерде «медиация» терминін «бітімгершілік» ұғымымен қатар қолданып, мәндес синоним ретінде түсіндіріледі. Бір жағынан, бұл филологиялық тұрғыдан заңды саналады, себебі «медиация» (лат. *mediare*) латын және ағылшын тілінен (ағылш. *mediation*) аударғанда «бітімгершілікті» (орыс. *посредничать*) білдіреді. Аталған тәсілді ұстанатын авторлар «бітімгершілік» ұғымына тарихи ретроспективада орын алған және қазіргі уақытта өзекті болып табылатын медиацияның, мәмлениң, өзара келісімнің барлық түрлерін жатқызады. Екінші жағынан, дәл қазіргі ғылыми-практикалық тұрғыда қалыптасқан медиация тәсілдері алдыңғы кезеңдерде кеңінен қолданылған бітімгершілік құралдарының бірі ретінде қарастыруға болады. Өйткені, дауларды шешу мақсатында дауласушы тараптар келіссөздеріне мүдделі емес адамды тарту әдістері ежелгі заманнан бері қолданылып келеді. Мысалы, бейтарап төрешінің қатысуымен тараптарды татуластыру әдістері Ежелгі Грецияда, Жапонияда, Қытайда, орта ғасырларда Ресей және Қазақ хандығында қолданылған. Ежелгі Римде Юстинианның Дигесттерінен бастап бітімгердің позициясын заңнамалық тұрғыдан бекіту пайда болды. Рим құқығында олар әртүрлі атаулармен аталды: *internuncius*, *medium*, *intercessor*, *interpres*, *mediator* (Miranda, 2014: 5).

Әр түрлі гуманитарлық бағыттар бойынша ғылыми дереккөздерге жүгіну өзара ымыраға келу процесінде қолданылатын «бітімгершілік», «келіссөз» және «медиацияның» айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Медиацияны жүргізу тәртібі әр мемлекеттің заңнамалық актілерінде

қарастырылып, құқықтық реттеу шеңберінде жүзеге асырылады. Қазақстанда медиация рәсімі 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV «Медиация туралы» заңымен реттеледі. Мұнда Заңның 1-тарауы 2-бабына сәйкес «медиация» ұғымына келесідей анықтама берілген: «тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі» (Заң; 2011). Аталмыш Заң мазмұны бойынша медиация дауларды шешудің тәсілі және оның мәні келіссөздерде жатыр. Медиатордың міндеті – тараптарды мәселенің шешімін бірлесіп іздеуге және конфликтті жағдайлардан тиімді жол табуға көмектесу. Медиация рәсімі заңмен, сондай-ақ медиация рәсімдерін жүргізуді қамтамасыз ететін ұйымдар мен жеке медиаторлар немесе дау тараптарының өздері белгілеген медиация рәсмін жүргізу қағидаларымен қатаң реттеледі. Медиатор үшінші бейтарап тәуелсіз және мүдделі емес тарап болып табылады, ол тек дауды шешуге жәрдемдеседі. Ал келіссөз жүргізу мен бітімгершілік қызметтері туралы Заңда қарастырылмағандықтан құқықтық негізі белгіленбеген. Сондықтан ғылыми ортада бұл ұғымдарға қатысты доктриналар өте көп және әрқилығымен өзгешеленеді.

Көп жағдайда келіссөздер деп тараптар арасындағы өз мақсаттарына жету, міндеттерді шешу, келіспеушіліктерді шешу және тиімді келісімдер жасау үшін тікелей коммуникациялық байланыс түсініледі. Келіссөздер қандай да бір нәтижеге қол жеткізу мақсатында жүзеге асырылатын екі немесе одан да көп адамдар арасындағы пікір алмасу процесін білдіреді (Окатов, Соловьев, 2017: 59). Келіссөздер мен медиацияның басты айырмашылықтарының бірі – келіссөздер үшінші тараптың қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін. Келіссөз тараптары оны жүргізу ережелерін өздері белгілейді. Келіссөздер жүргізу үшін үшінші тарапты тартқан кезде – ол тәуелсіз бітімгер ретінде де, тараптардың бір жағын қабылдап да әрекет ете алады және келіссөздер процесін құруға көмектеседі.

Сонымен, медиация рәсімі әрқашан құқықтық сүйемелдеуге негізделсе, келіссөздер екі тарап арасында ауызекі тілде жүргізілетін шара болып есептеледі. Ал бітімгершілік рәсімінің қолдану аясын және мәмлеге келудің басқа түрлерінен айырмашылығын ажырату үшін тарихи экскурспен ғылыми ортадағы дискурстарды саралауды қажет етеді.

Бітімгершіліктің тамыры тарихшылардың пікірінше, шамамен 6 мың жыл бұрын нарықтық қатынастардың қалыптасу кезеңінде кәсіпкерліктің басым факторы ретінде пайда болған. Мұнда финикиялықтар Жерорта теңізінде транзиттік сауда, тауарларды айырбастау, сауда-саттық арқылы әртүрлі мәдениеттердің сөзбайласуына және ортақ бітімге келуіне септігін тигізген (Бугаян, 2011: 17). Ал, неміс зерттеушісі Христофер Бесемер бітімгершіліктің қайнар көзі көне өркениеттерде – Қытай мен Жапонның философиялық ілімдерінде көрініс тапқандығын айтып, олардың консенсус пен толық үйлесімділікке баса назар аударатындығымен дәйектейді (Бесемер, 2004: 54). Бітімгершіліктің даму және дау-жанжалдарды шешудің баламалы түрі ретінде қалыптасу тарихы әр кезеңде өзіндік сипат алып, жетекші ойшылдар мен ізденушілердің зерттеу объектісі болғандығын көптеген еңбектерден көруге болады. Сонымен қатар, бітімгершілік тәсілдері әр ұлттың мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіне қарай бейімделген күйінде қолданылып, халықтар, этностар, елдер арасында сұранысқа ие болған.

Әр кезеңдегі бітімгершіліктің даму тарихына терең үңілмей, оның қазіргі қалпын қалыптастыруға септігін тигізген кей оқиғаларға тоқталып өтейік. Бітімгершіліктің институционалды дамуы 1947 жылы АҚШ-та ашылған «Бітімгершілік (медиация) және татуласу федералдық қызметінде» («Federal Mediation and conciliation service») «медиация» терминінің қолданылуынан бастау алады (Бесемер, 2004; 56). Осылайша, бітімгершіліктің негіздері құқықтық дауларды шешудің балама әдісі ретінде АҚШ-та өткен ғасырдың 60-жылдарында қаланды. Бұл уақыт кезеңі тарихта

Вьетнам соғысымен, адам құқықтары қозғалыстарымен, студенттердің жаппай наразылық көтерілістерімен белгілі. Екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан пайда болған қоғамдық тұрақсыздықтарды реттеу мақсатында батыстық ғалымдар ізденістері дәстүрлі құқықтық жүйелерге баламалы тәсілдерді әзірлеуге итермеледі. Ең алғашында бітімгершілік тәсілдерін неке бұзу және өнеркәсіптерде жиі кездесетін еңбек қатынастарын реттеуге қолданған. Австриялық медиатор Герда Мета өз мақаласында «...бұл әдістің пайда болуы уақтылы болды, әсіресе ажырасу мәселелерінде... алайда бұл әдіс басқа өмірлік жағдайларда, мектептерде, көршілер арасында конфликттер туындаған кезде, мүлікті бөлу кезінде, экология, экономика, саясат туралы дауларда өзін дәлелдеді. Уақыт өте келе бітімгершілік кәсіби қызметтің әртүрлі салаларына кірді: жеке практика, сот ісі және соттан тыс іс жүргізу, бизнес және басқару (келісім-шарт жасасумен келіссөздер) және т.б.» (Мета, 2009: 37). Мысалы, тек 1982 жылы АҚШ-та 300-ден астам адамдар немесе ұйымдар қандай да бір түрде (әсіресе әлеуметтік салада) бітімгершілікпен айналысқан. Негізінен олардың қызметтері отбасылық конфликттерді шешуде сұранысқа ие болды. 2004 жылы 700 бітімгершілік орталығы жұмыс істеді. Бүгінде АҚШ-та қолданыстағы жеке және мемлекеттік қызметтерден басқа Дауларды шешудің ұлттық институты да жұмыс істейді (Бесемер, 2004: 57). Австралияда 1975 жылы Австралиялық төрешілер мен медиаторлар қауымдастығы (бітімгерлер) құрылды. Ұлыбританияда Дауларды тиімді шешу орталығы (CEDR), Арбитраж және бітімгершілік орталығы (JAMS) жұмыс істейді. 1986 жылдың өзінде Қытайда 950000 бітімгершілік комитеттері және 6 млн бітімгер болды, олар 7 300 000 дауды шешті (бір жылда), соның ішінде отбасылық, мұрагерлік, алимент, қарыз, тұрғын үй және жер учаскелері туралы құқықтар, әсіресе қоғамға қауіп төндірмейтін қылмыстар мен ювеналды әділеттілікке қатысты сот істерінің алдын алды (Мета, 2004; 40-45).

Жоғарыда айтып кеткендей, бітімгершілік рәсімі тараптарды

татуластырудың барлық әдіс-тәсілдерін қамти алады және кез келген қоғамдастыққа (отбасы, еңбек ұжымы, мемлекетаралық шарттар) қолданыла алады. Алайда, «бітімгершілік» терминінің ұғымдық-категориялық аппаратта қолданылу жүйесін нақтылау және практикадағы мән-мағынасын дәйектеу мақсатында халықаралық ұйымдардың, танымал авторлардың анықтамаларына шолу жасау қажет. Бірден айта кететін жайт, ғылыми ортада «бітімгершілік» терминіне қатысты әмбебап және ортақ анықтама жоқ, сондықтан, жүйелік талдау барысында зерттеушілердің ұқсас түсініктемелерін топтастырып, оның параметрлерін тізімдейміз.

Халықаралық ұйымдардағы «бітімгершілік» терминінің түсініктемесі.

Халықаралық деңгейде бітімгершілік туралы анықтама 2004 жылы Брюссельдегі конференцияда Еуропалық комиссияның қолдауымен қабылданған Бітімгерлерге арналған еуропалық мінез-құлық кодексінде жазылған. Мұнда бітімгершілік деп «мүше елдердің әрқайсысында жалпы қабылданған мағынада қалай аталатынына немесе сипатталатынына қарамастан, екі және одан да көп тараптар өз дауларын сот шешімінсіз келісімге қол жеткізу жолымен шешу кезінде оларға көмек көрсету үшін үшінші тарапты («медиаторды») тартуға келісетін кез келген процесті» көрсетеді (Code of conduct, 2004). Бұдан кейін 2006 жылы (2007 ж. жаңартылған) Франциядағы Медиация және келіссөздер палатасының Бас Ассамблеясында Медиаторлардың этикасы және деонтология кодексінде бітімгершілік – «бұл дау туындаған жағдайда сот ісінің шеңберінде немесе одан тыс жерлерде адамдардың жауапкершілігі мен дербестігіне бағытталған шешімдер қабылдауды сүйемелдеудің авторитарлық емес процесі» (Code of ethics for mediators, 2007). Американдық коммерциялық емес ұйымы Халықаралық бітімгерлер институты «екі немесе одан да көп тараптар дауды шешуге және/немесе келісім шарттарын әзірлеуге міндетті емес диалогта көмектесу үшін оларға қатысы

жоқ үшінші, бейтарап тұлғаны («бітімгер») тағайындайтын процесті» бітімгершілік деп анықтайды. Ал, Британдық Дауларды тиімді реттеу орталығы (CEDR) бітімгершілікті келесідей анықтайды: бұл «құпия түрде жүргізілетін икемді процесс, оның барысында жеке тұлға тараптарға дау немесе келіспеушіліктер бойынша келісімге қол жеткізуге белсенді түрде көмектеседі, бұл ретте тараптар реттеу туралы шешімді және шешу шарттарын толық бақылайды» (Bolger, 2010). Осылайша төрт ірі халықаралық ұйымдардың «бітімгершілік» терминінің анықтамаларында, біріншіден, оның процестік сипатын, екіншіден, икемділік және гуманистік қағидаттарына негізделгенін, үшіншіден, бейтарап тұлғаны тарту арқылы жүзеге асатындығын, төртіншіден, сот шешімінсіз келісімге келуді көздейтінін, бесіншіден жауапкершілік пен дербестілікке бағытталғандығын алдыға қояды.

Ғылыми ортадағы «бітімгершілік» терминінің түсініктемесі.

Бітімгершілік салада зерттеулер жүргізген, практикалық тұрғыда бітімгер (медиатор) немесе заңгер қызметін атқаратын танымал ғалымдардың «бітімгершілік» ұғымына берген анықтамалары халықаралық ұйымдар құжаттарындағы түсініктемелерімен ұқсас болғанымен, қосымша әлеуметтік-мәдени компоненттерін айғақтауға мүмкіндік береді. Мысалы, американдық заңгер, некелік-отбасылық қатынастарды зерттеуші Ленард Марлоу бітімгершілікті «екі жетілмеген адамға жетілмеген әлемде бітімге келуге көмектесу үшін жетілмеген үшінші тұлғаның әдістерін қолданатын процесс» деп анықтайды (Marlow, 1990: 3). Л. Марлоудың «жетілмеген» сөзін жиі пайдалануы – бұл дұшпандық әлемнің бар екендігін меңзейді, отбасылық дауларда және ажырасуда, мүлікті бөлу кезінде сот билігінің үстемдігі және оның көп жағдайда қатыгез шешім қабылдайтындығын айтады. Осы тұста Л. Марлоу бітімгершіліктің идеалды рәсім емес екенін мойындай отырып, оны тіпті сот жүйесіне балама ретінде қарастыруға болмайтынын айтады, өйткені

оның пікірінше, бітімгердің мақсаттары мен міндеттері ажырасу ісі бойынша адвокаттың мақсаттарынан мүлдем өзгеше, олар әр түрлі жолмен бірдей нәтижеге жетуге тырыспайды, себебі басты мақсаты екітүрлі. Мұндай ұстанымға тап болған сын кез келген жағдайда, екі қақтығысушы тарап бітімгершілік орнатқан кезде, олар, ең болмағанда, заңдарға, әділеттілік пен теңдікке негізделуі керек екенін көрсетеді. Мұндай дискуссия бітімгершілік туралы теориялық модельдерде маңыздылығы бар, бірақ практикалық тұрғыда бітімге келу басты мақсат емес. Л. Марлоудың бұл анықтамасы бітімгершіліктің конфликттерді шешу жүйесі екенін және идеалды емес екенін алдын-ала айқындау үшін өте пайдалы, тіпті бітімгер барлық дауларды шеше алатын сиқыршы емес, керісінше, олар өздерінің шектеулерін білетін және оның түпкі мақсаты – конфликтті шешу мүмкіндігін тараптарға қайтара алуында.

Келесі американдық медиатор Джон Хейнс бітімгершілікті «үшінші тарап, бітімгер конфликт жағдайында шешуге көмектесетін процесс, бұл өзара қолайлы шешімнен тұратын келісімде және қажет болған жағдайда құрылымдық түрде қақтығысқа қатысқан адамдар арасындағы қарым-қатынас тізбегін анықтауға мүмкіндік береді» деп анықтайды (Haynes, 1994: 17).

Американдық философия докторы Кристофер Мур үшін «бітімгершілік – бұл дауға араласу және оған үшінші тараптың қатысуын қажет етеді. Өйткені бейтарап уәкілдердің міндеті – дауласушы тараптарға ымыраға өз еркімен жетуге көмектесу» (Moore, 2004: 11).

Бітімгер-практик, Сан-Франциско университетінің профессоры Джей Фолберг пен заңгер Элисон Тейлор (1992) келесі анықтаманы береді: «Бітімгершілік – бұл зорлық-зомбылыққа, өзіне-өзі көмектесуге немесе кеңес беру, келіссөздер жүргізу және төрелік ету процесіне ұқсамайтын сот ісіне балама. Сіз оны бейтарап тұлға немесе адамдар арқылы қатысушылар балама нұсқаларды табу және қарастыру, олардың қажеттіліктеріне сәйкес өзара келісімге келу үшін даулы мәселелерді жүйелі түрде

шешетін процесс ретінде анықтай аласыз. Бітімгершілік – бұл қатысушылардың өз өміріне әсер ететін шешімдер қабылдауда жеке жауапкершілігін көрсететін процесс. Осылайша, бұл әр тарапқа өкілеттік беретін процесс» (Folberg, Taylor, 1984: 7).

Шетелдік ғалымдардың «бітімгершілікке» берген анықтамаларын жүйелей келе, оның процесс ретінде қабылдап, оны құрайтын параметрлерін келесідей жіктеуге болады:

1. өзгермелілігі (ағылш. *variability*): келіссөздер, тараптардың келісімге келу әрекеті үздіксіз процесс ретінде жүргізілуі, демек, тұрақты ережеге бағынбайтын және әрқашан жылдам немесе баяу динамика дамитын құбылмалы құбылыс;

2. икемділігі (ағылш. *flexibility*): кез келген дау немесе жанжалдарды реттеу әдісі әртүрлі факторларға (психологиялық, әлеуметтік, саяси) тәуелді болғандықтан, бітімгершілік процесі ішкі және сыртқы жағдайларға бейімделеді;

3. қосымша үшінші тараптың қажеттілігі: келіссөздер міндетті түрде жанжал нәтижесіне мүдделі емес әділ және бейтарап тұлғаның қатысуымен өтуі;

4. бейтараптылық (ағылш. *objectivity*): келіссөздер міндетті түрде жанжал нәтижесіне мүдделі емес әділ және бейтарап тұлғаның қатысуымен өтуі. Мұнда бітімгер бейтарап тұлға конфликт тараптарының әртүрлі құндылықтар мен көзқарастар жүйесін құптамайды, объективті деректерге ғана назар аударып, екіжақтылы келісім арқылы қол жеткізілген құндылықтарды ғана нәтиже ретінде қабылдайды;

5. еріктілік (ағылш. *voluntary*): екі қақтығысушы тарап және үшінші немесе одан да көп бейтарап тұлғалардың келіссөзге өз еркімен қатысуы, саналы түрде ортақ келісімге келуге қызығушылық танытуы.

Жоғарыда берілген анықтамаларды жүйелей келе, «бітімгершілік» ұғымына келесідей ортақ анықтаманы ұсынуға болады: «Бітімгершілік – бұл конфликттің екі немесе одан да көп тараптары қатысатын өзгермелі және икемді байланыс процесі. Екі дауласушы тарап өздерінің мүдделерін бейтарап үшінші тараптың көмегімен басқара алады. Келісім рәсімін жүргізуге

тартылған үшінші тарап бейтараптылық және еріктілік принциптері негізінде қызмет көрсетеді. Тараптар алдында олардың қажеттіліктері мен мүдделеріне жауап беретін, тиімді байланыстар құратын және дауды оң шешу арқылы қарым-қатынастарын өзгертуге мүмкіндік беретін келісімдер жасау жауапкершілігі ғана бар. Демек, бітімгершіліктің түпкі мақсаты – барлық тараптардың мүдделерін қанағаттандыратын келісімге келу арқылы бейбіт қарым-қатынасты орнату және қажетті байланысты орнату болып табылады.

Еуропалық, британдық және американдық ресми құжаттар мен ғылыми ортадағы қалыптасқан бітімгершілік анықтамалары посткеңістік, оның ішінде қазақстандық практикамен сәйкес келмейді. Себебі аудармашылық пен түсініктеме беру, баламалы терминмен жанастыру мәселелері жүйеленбеген. Посткеңістік елдерде үшінші тараптың қатысуымен өтетін дауларды реттеудің баламалы түрін «медиация» анықтамасымен бекітіп, орыс тіліндегі «посредничество» термині тек нарықтық экономика мен кәсіпкерлік әрекеттердің төңірегіндегі делдалдық қызмет түсінігімен шектелген (Евшина, 2010). Сондықтан, орыс тіліндегі және орыс тіліне аударылған шетелдік ғылыми еңбектерде бітімгершілік принциптері «медиация» ұғымына теңестірілгендіктен, қазақ тіліндегі оқу-ғылым құралдарында да жаппай «медиация» термині қолданылады. Алайда танымал «Sozdik.kz» онлайн-аудармашы орыс тіліндегі «медиация» немесе «посредничество» сөзін қазақ тіліне аударғанда экономикалық мағынадағы «делдалдық», «келістірушілік» ұғымдарын ұсынады (Sozdik.kz, 2003). Ал, орысша-қазақша түсіндірме сөздікте «бітімгершілік» ұғымы екі мағынада берілген: 1. тұлғаның әлеуметтік-психологиялық позициясы, барынша қоғамда қақтығыстарды мақсатты түрде болдырмау; 2. сыртқы саяси салада – халықаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге бағытталған мемлекеттер, саяси және мемлекеттік қайраткерлердің, т.б. ықыласы (Арын, 2006: 156). Сонымен қатар, 2015 жылғы 15 маусымдағы № 320-V ҚРЗ қабылданған «Қазақстан Республикасының

бітімгершілік қызметі туралы» Заңына сәйкес «бітімгершілік» ұғымын бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау әрекетіне қатысты қолданады. Демек, бітімгершілік қызметті атқарушы тұлға ретінде әскери персонал, ҚР Қарулы Күштерінің әскерилерін қарастырады. Орыс тіліндегі аталмыш Заңда «миротворчество» сөзі қазақ тіліне «бітімгершілік» деп аударылған, әдетте, ол «бейбітшілік орнату» мағынасына әлдеқайда жақынырақ болушы еді. Ал «бітімгер» терминіне келетін болсақ, ол алғаш рет қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «соғысушылардың бір жағы екінші жақпен келіссөз жүргізуге өкілеттілік берген ресми тұлға» ретінде әскери іске жанастырылған (Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс, 2001: 119). Ашық дереккөздерде 2015 жылы экс-президент Н.Назарбаевтың Украина дағдарысын реттеуге атсалысқан қызметі туралы дипломат Н.Онжановтың «Бітімгер» атты кітабы жарық көрген. Мұнда бұрынғы мемлекет басшысының Әзербайжан мен Арменияның Таулы Қарабақ бойынша келіссөзге қатысқанын, көрші Қырғызстандағы ішкі саяси дағдарысы мен Украина оқиғасында бітімгер функциясын атқарғанын, халықаралық бейбітсүйгіш саясат жүргізгені жайында баяндалған (Онжанов, 2015). Осылайша, қазақ тілді ортада «бітімгершілік» термині көп жағдайда экономикалық және дипломатиялық қатынастарды, әскери іс пен қарулы қызметтерді анықтайтын ұғым ретінде қолданылып келеді. Қазақ тіліндегі ақпараттық капитал орыс тілінен аударма түрінде жинақталатындықтан, сонымен қатар, шетелдік еңбектер қазақ тіліне тікелей аударылмағандықтан, категориялық аппараттық жүйеде осындай екіұшты ұғымдар қалыптасады.

Қорытындылай келе, «бітімгершілік» термині бейбітшілікке бағытталған барлық әрекеттерді қосатын кең мағыналы ұғым екендігіне көз жеткіздік. Бітімгер ретінде екі немесе одан да көп тараптарға қызмет көрсете алатын бір және одан да көп жеке немесе заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік немесе жеке ұйымдар, халықаралық қатынастарды реттеу

кезінде мемлекеттердің өздері де бола алады. Бітімгершілік рәсіміне жүгінудің мақсаттары медиация рәсіміне қарағанда әртүрлі және әлдеқайда кең болуы мүмкін. Мысалы, барлық тараптар үшін өзара қолайлы шешім табу және тараптардың одан әрі ынтымақтастығын сақтау немесе өркениеттілік тұрғысында соғыс әрекеттерін тоқтату және өзара бітімге қол жеткізу. Бітімгер дауласушы тараптардың өтініші бойынша да, өз бастамасы бойынша да тараптардың өзара қарым-қатынастарына араласа алады. Бітімгершіліктің қолдану аясы кең және ол халық пен билік, мемлекеттік пен жеке меншік ұйымдары, тіпті мемлекеттер арасындағы дауларды шешуге бағытталған дипломатиялық әрекет.

Бітімгершіліктің дүниежүзінде қолданылатын теоретикалық моделдері.

Бүгінгі күнде келісімге келуді немесе дау-жанжалды басқаруды басты назарға қоятын әртүрлі көзқарастарға негізделген бітімгершілік мектептері мен модельдері бар, олардың барлығы бітімгершілік процесінің икемділігі есебінен. Дегенмен, бітімгершіліктің әртүрлі модельдері бар екендігі олардың бір-бірімен сәйкес келмейтінін білдірмейді, бітімгер түбінде қандай да бір таңдауға әкелуі керек. Бітімгер алдына қойылған тапсырмаға және әр тарап үшін неғұрлым қолайлы деп санайтын нәрсеге байланысты бір немесе басқа модельді қолдана алады. Осы орайда халықаралық қолданыстағы бітімгершіліктің теориялық модельдерінің қысқаша сипаттамаларын қарастырған жөн. Заманауи тәжірибеде қолданылатын бітімгершілік модельдерін жіктеп, өзіндік түсіндірме жасаған бірнеше ғалымдар бар, оның ішінде американдық медиатор, отбасылық құқық маманы Адам Бернер және Сингапур халықаралық дауларды шешу академиясының директоры, профессор Надя Александердің жіктелімі біршама ұқсас және көпшілікке танымал болып табылады.

А.Бернер бітімгершіліктің үш моделін бөліп көрсетеді: проблемаларды шешуге бағытталған бітімгершілік

немесе «классикалық» бітімгершілік (problem-solving, or settlement-directed, approach); трансформативті бітімгершілік (transformative approach); фасилитациялық немесе түсінуге негізделген бітімгершілік (understanding-based approach) (Berner, 2008).

Мәселе шешуге бағытталған бітімгершілік немесе «классикалық» бітімгершілік (problem-solving, or settlement-directed, approach) – позицияларға емес, адамдардың мүдделеріне назар аудару: позиция – бұл тарап ең қолайлы деп мәлімдейтін конфликттің нәтижесі; мүдделер – қанағаттандырылуға немесе орындалуға бағытталған мақсат. Осы модель аясында медиатор бастапқыда тараптарға өз ұстанымдарын айтуды ұсынады, содан кейін ғана тараптардың ортақ мүдделері мен қажеттіліктері бар екенін мойындауға көмектеседі. Атап айтқанда, бұл модельді Р. Фишер және У. Ури негізін қалаған Гарвард университетінің келіссөздер жобасымен сәйкестендіруге болады (Фишер, Юри, 1990). Мұнда келіссөздер арқасында өзара тиімді шешімге келу нәтижесінде жеңімпаз беп жеңілушіні анықтамайды, екі тарап ортақ жеңіске жеткен деп саналады. Бұл модельдің түпкі мақсаты – тараптардың бірқатар келісімдерге қол жеткізуі үшін негізгі мүдделерді іздеу, оларға қақтығысты шешуге мүмкіндік беру.

Трансформативті бітімгершілік (transformative approach) моделі Дж.Фолджер мен Б.Бушқа тиесілі, бастапқы түсініктемесі алғаш рет 1996 жылы «Бітімгершілік туралы уәде» кітабында жарияланған. Мұндағы жетекші компоненттер – есту және тыңдау: бұл қақтығысқа қатысушылардың белгілі бір өзгерістен өтуіне және өзара түсіністікке келуіне көмектеседі, бұл өзкезегінде олардың бір-бірінің қажеттіліктерін мойындауына (растауына) және осындай қажеттіліктерге (құрметке, қабылдауға) сезімтал болуына ықпал етеді. Трансформативті модель медиацияның утилитарлық рәсім емес екендігінен туындайды: медиатордың көмегіне жүгінген кезде адамдар «нақты мәселелер бойынша келісімдерге келуден гөрі» ортақ түсіністікке қол жеткізгісі келеді (Буш, Фолджер, 2007: 55).

Фасилитациялық немесе түсінуге негізделген бітімгершілік (understanding-based approach) Г. Фридман және Дж. Химмельштейнның моделі. Бұл модельдің негізгі мақсаты – дауды түсіну арқылы шешу. Тараптардың өз перспективаларын, басымдықтары мен мүдделерін неғұрлым көп деңгейлі және жан-жақты түсінуі, олардың өзара іс-қимылының рефлексиясы, түсіністік пен өзара қабылдауды дамыту, бірлескен рефлексиядан өту – осының барлығы тараптардың арасында туындаған қақтығысты бірлесіп жеңуге қабілетті етеді (Friedman, Himmelstein, 2008). Айта кететін жайт, фасилитациялық модель ресейлік Ц.А. Шамликашвили мектебінің еңбектерінде қарастырылған.

Жоғарыда айтылған бітімгершілік модельдерінен басқа академиялық ортада бағалау бітімгершілігі (evaluative approach), нарративті (narrative approach); экожүйелік, немесе отбасылық бағдарланған бітімгершілік (ecosystem, or family-focused, approach) және т.б. қолданысқа енген. Одан бөлек бітімгершілік принциптерін қолдану ортасына байланысты сала бойынша: білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және т.б. түрлері жылдан жылға ұлғайып келеді.

Қорытынды

Соңғы екі-үш онжылдықта жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуымен байланысты терең әлеуметтік өзгерістер болды, бұл физикалық шекараларды жойып, барлық салаларда (отбасылық, білім беру, мәдени мұра) адами қатынастарды өзгерткен жаһандық қоғамның пайда болуына ықпал етті. Бұл өзгерістердің негізгі сипаттамаларының бірі, мазмұндық тереңдігінен басқа, олардың пайда болу жылдамдығы болып табылады, бұл әлеуметтік өзара әрекеттесудің жаңа түрлеріне қатысатын адамдар арасында түсініспеушілікке алып келді. Мұның бәрі жаңа конфликттердің пайда болуына немесе әртүрлі формада көрінетін ескі жасырын конфликттердің өзгеруіне себеп болды. Бұл тұрғыда бітімгершілік рәсімін конфликттерді басқару мен шешудің әдіснамалық құралы

ретінде дамытудың негізі бар және оны осы мақалада қысқаша талдап көрсеттік. Бітімгершілік принциптерін жүзеге асыру үшін оның терминологиялық базасының түсінікті, дәйекті болуы қажет және оның түпкілікті ұғымдық іргетасы еуропалық және американдық дәстүрден алынғандығы анықталды. Алайда, қазақстандық тәжірибеде ғылыми-академиялық негіздегі бітімгершілік мектебін дамыту үшін, біріншіден, ұғымдық-категориялық аппаратта қолданылу жүйесін нақтылау қажеттілігі туындауда. Сондықтан, қазақ тілді ғалымдар алдында қазақ қоғамында ежелден қолданылған келістіру, ымыра,

татулыққа бағыттаған билер институтына терең зерттеу жұмыстарын жүргізіп, заманауи қажеттіліктерге негіздеу қажет.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР19679307 «Қазақстанның даму стратегиясы: қазіргі әлеуметтік қақтығыстарды реттеудегі бітімгершілік мәселесі» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Әдебиеттер тізімі

Bolger S., Daly B. and Higgins N. International Peace mediators and Codes of conflict: An Analysis; Published, 2010. – 27 p. [Электрон.ресурс]. – 2023 – URL: https://www.academia.edu/3064392/International_Peace_Mediators_and_Codes_of_Conduct_An_Analysis (қаралған күні: 03.06.2023).

Challenging conflict, mediation through understanding// Reviewed by Adam J. Berner, Esq., M.A., A.P.M. December 26, 2008.

Code of conduct. Европейский Кодекс поведения медиаторов от 2 июля 2004 г., Брюссель: «Научно-методический центр медиации и права. [Электрон.ресурс]. – 2023 – URL: http://https://mediacia.com/wp-content/uploads/2018/06/Code_of_Conduct.pdf (қаралған күні: 07.06.2023).

Code of ethics for mediators 2007, Suva: Ministry of Labour, Industrial Relations, Tourism and Environment. [Электрон.ресурс]. – 2023 – URL: <http://https://www.ilo.org/dyn/natlex/docs/ELECTRONIC/77675/82551/F1068393566/FJI77675.pdf> (қаралған күні: 10.06.2023).

Folberg J., Taylor A. Mediation: A Comprehensive guide to Resolving Conflict without litigation, San Francisco: Jossey-Bass Publishers. 1984. – 392 p.

Friedman G., Himmelstein J. Challenging Conflict: Mediation through Understanding. Chicago: American Bar Association. 2008. – 225 p.

Haynes J., The Fundamentals of Family Mediation. State University of New York Press, 1994. – 256 p.

Marlow L., and S.Sauber. 1990. The handbook of divorce mediation. New York: Plenum. – 532 p.

Miranda A. Mediation in Europe at the cross-road of different legal cultures, Roma: Aracne, 2014. – 35 p.

Moore C., The Mediation Process: Practical Strategies for Resolving Conflict, 3rd. – San Francisco: Jossey-Bass Publishers, 2004. – 624 p.

Бесемер Х. Медиация. Посредничество в конфликтах. – Калуга: Духовное познание, 2004. – 176 с.

Буш Р., Фолджер Дж. Что может медиация. Трансформативный подход к конфликту. Киев: Изд. Захаренко В.А., 2007. – 264 с.

Евшина Ю. Становление и развитие института посредничества в Российском и Эстонском гражданском праве // Сравнительное право и проблемы частнопубличного регулирования: материалы научной конференции аспирантов кафедры гражданского и трудового права Российского университета дружбы народов, состоявшейся 25 января 2010 г. – Ногинск: Аналитика Родис, 2011, Вып. X. – С. 73-80.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс. Алматы: Мектеп, 2001. – 448 б.

«Медиация туралы» Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрон.ресурс]. – 2011. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401> (қаралған күні: 30.06.2023).

Мета Г. Медиация – искусство разрешать конфликты /Г. Мета, Г. Похмелькина. – Москва, 2004. – 320 с.

Мета Г. Медиация – искусство разрешать конфликты// Медиация новый подход к разрешению конфликтов (Дайджест). – Пермь: ООО «Ресурс», 2009. – 120 с.

Окатов, А. В., Соловьев, Д. А. Переговоры как вид деловой коммуникации // Вестник Тамбовского университета. Серия: Общественные науки. – 2017. – С. 58-65

Онжанов Н. Бітімгер. Дипломат жазбалары. – Астана: Фолиант, 2015. – 240 б.

Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 569 б.

Официальный сайт Sozdik.kz [Электрон.ресурс]. – 2023 – URL:<https://sozdik.kz/kk/dictionary/translate/ru/kk/%D0%BC%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F/> (қаралған күні: 06.07.2023).

Фишер Р., Юри У. Путь к согласию. Или переговоры без поражения. – Москва: Наука, 1990. – 158 с.

Фарида М. Мұсатаева

Институт прикладных этнополитических исследований, Астана, Казахстан

Дискурсы посредничества: процесс становления в научной среде

Аннотация. Развитие общества требует наличия непрерывных связей между государством и гражданским сектором. Это форма постоянно действующего диалога, обеспечивающая эффективное сотрудничество с институтами гражданского общества. Исходя из этого, актуален постоянный поиск новых методов осуществления посредничества не только с целью разрешения противоречий, но и для их уменьшения в условиях усиления глобализационных процессов. Структурирование процедур посредничества, отвечающих современным требованиям, соответствующим ментальной и социокультурной специфике гражданского общества, требует всестороннего изучения теоретических и практических основ. В связи с этим возникает необходимость информационного обзора посредничества в научно-академической среде, зарубежных дискурсах.

В данной статье проведен терминологический анализ понятия «посредничество» и установлено, что двусмысленность переводческой работы приводит к недопониманию в понятийно-категориальном аппарате. Кроме того, анализируя определения посредничества, данные международными организациями и учеными, автор классифицировал параметры и компоненты, свидетельствующие о его природе. Серия теоретических моделей посредничества систематизирована в общую структуру путем сопоставления методов исследования авторитетных ученых. В качестве специфики статьи рассматривается сфера применения термина «посредничество» в казахскоязычной научной и социальной среде и его отличительная специфика от зарубежного опыта.

Представленная статья является полезным материалом для молодых соискателей, изучающих институт бийев, теорию общественного и социального согласия в казахской философии, культуру конструктивного урегулирования конфликтов.

Ключевые слова: посредничество; процедура посредничества; посредник; медиация; модели посредничества; переговоры; нейтральная сторона; разрешение споров.

Farida M. Mussatayeva

Institute of Applied Ethnopolitical Studies, Astana, Kazakhstan

Mediation discourses: the process of formation in the scientific environment

Abstract. The development of society requires permanent links between the State and civil society. This is a form of ongoing dialogue that ensures effective cooperation with civil society institutions. Proceeding from this, the constant search for new methods of mediation is relevant not only to resolve contradictions, but also to reduce them in the conditions of increasing globalization processes. Structuring mediation procedures that meet modern requirements, corresponding to the mental and socio-cultural specifics of civil society, requires a comprehensive study of theoretical and practical foundations. In this

regard, there is a need for an information review of mediation in the scientific and academic environment, foreign discourses.

In this article, a terminological analysis of the concept of “mediation” is carried out and it is established that the ambiguity of translation work leads to misunderstanding in the conceptual and categorical apparatus. In addition, analyzing the definitions of mediation given by international organizations and scientists, the authors classified the parameters and components indicating its nature. A series of theoretical models of mediation is systematized into a general structure by comparing the research methods of several scientists. The scope of the term “mediation” in the Kazakh-speaking scientific and social environment and its distinctive specificity from foreign experience are considered as the specifics of the article.

The presented article is a necessary material for young applicants studying the institution of biys, the theory of social and social harmony in Kazakh philosophy, the culture of constructive conflict resolution.

Keywords: intermediation; mediation procedure; mediator; mediation; mediation models; negotiations; neutral personality; dispute resolution.

References

Bolger S., Daly B. and Higgins N. International Peace mediators and Codes of conflict: An Analysis; Published, 2010. 27 p. Available at: https://www.academia.edu/3064392/International_Peace_Mediators_and_Codes_of_Conduct_An_Analysis (accessed 03.06.2023).

Challenging conflict, mediation through understanding. Reviewed by Adam J. Berner, Esq., M.A., A.P.M. December 26, 2008.

Code of conduct. Evropejskij Kodeks povedenija mediatorov ot 2 ijulja 2004 g., Brjussel': «Nauchno-metodicheskij centr mediacii i prava. [European Code of Conduct for Mediators, July 2, 2004, Brussels: “Scientific and Methodological Center for Mediation and Law]. Available at: http://https://mediacia.com/wp-content/uploads/2018/06/Code_of_Conduct.pdf [in Russian]. (accessed 07.06.2023).

Code of ethics for mediators 2007, Suva: Ministry of Labour, Industrial Relations, Tourism and Environment. Available at: <http://https://www.ilo.org/dyn/natlex/docs/ELECTRONIC/77675/82551/F1068393566/FJ177675.pdf> (accessed 10.06.2023).

Folberg J., Taylor A. Mediation: A Comprehensive Guide to Resolving Conflict without litigation, (San Francisco, Jossey-Bass Publishers, 1984, 392 p.).

Friedman G., Himmelstein J. Challenging Conflict: Mediation through Understanding. (Chicago, American Bar Association, 2008, 225 p.).

Haynes J., The Fundamentals of Family Mediation. (State University of New York Press, 1994, 256 p.).

Marlow L., and S.Sauber. The handbook of divorce mediation. (New York, Plenum, 1990, 532 p.).

Miranda A. Mediation in Europe at the cross-road of different legal cultures, Roma: Aracne, 2014. P. 35.

Moore C., The Mediation Process: Practical Strategies for Resolving Conflict, 3rd., (San Francisco, Jossey-Bass Publishers, 2004, 624 p.).

Besemer, H. Mediacija. Posrednichestvo v konfliktah. (Kaluga, Duhovnoe poznanie, 2004, 176p.).

Bush R., Foldzher Dzh. Chto mozhet mediacija. Transformativnyj podhod k konfliktu [What Mediation Can Do. A Transformative Approach to Conflict.]. (Kiev, Izd. Zaharenko V.A., 2007, 264 p.), [in Russian].

Evshina Ju. Stanovlenie i razvitie instituta posrednichestva v Rossijskom i Jestonskom grazhdanskom prave [Formation and development of the institution of mediation in Russian and Estonian civil law] Sravnitel'noe pravo i problemy chastnopravovogo regulirovanija: materialy nauchnoj konferencii aspirantov kafedry grazhdanskogo i trudovogo prava Rossijskogo universiteta druzhby narodov, sostojavshejsja 25 janvarja 2010 g.. Noginsk: Analitika Rodis, 2011, No. X. P. 73-80, [in Russian].

Qazaq tili terminderinin salalyq gylymi tysindirme sozdigi: Askeri is [Field scientific explanatory dictionary of Kazakh language terms: Military affairs]. (Almaty, Mektep, 2001, 448 p.), [in Kazakh].

«Mediacija turaly» Qazaqstan Respublikasy 2011 zhylygy 28 qantardagy № 401-IV Zany. «Adilet» Qazaqstan Respublikasy normativtik qyqyqyq aktilerinin apparattyq-qyqyqyq zhyjesi [Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan «Adilet»]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401>, [in Kazakh]. (accessed 30.06.2023).

Meta G. Mediacija – iskusstvo razreshat' konflikty [Mediation is the art of conflict resolution] (Moscow, 2004, 320 p.), [in Russian].

Meta G. Mediacija – iskusstvo razreshat' konflikty. Mediacija novyj podhod k razresheniju konfliktov (Dajdzhest). (Perm', OOO «Resurs», 2009, 120 p.), [in Russian].

Okatov, A. V., Solov'ev, D. A. Peregovory kak vid delovoj kommunikacii [Negotiations as a type of business communication] Vestnik Tambovskogo universiteta. Serija: Obshhestvennye nauki. 2017. P. 58-65. [in Russian].

Onzhanov N. Bitinger. Diplomat zhazbalary. (Astana, Foliant, 2015, 240 p.), [in Kazakh].

Oryssha-qazaqsha tysindirme sozdik: Aleumettanu zhane sajasattanu bojnsha. Zhalpy redakcijasyn basqargan je.g.d., professor E. Aryn. (Pavlodar, «JeKO» GOF, 2006, 569 p.), [in Kazakh].

Oficial'nyj sajt Sozdik.kz. Available at:<https://sozdik.kz/kk/dictionary/translate/ru/kk/%D0%BC%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F/> (accessed 06.07.2023). [in Kazakh].

Fisher R., Juri U. Put' k soglasiju. Ili peregovory bez porazhenija [The path to agreement. Or negotiations without defeat]. (Moscow, Nauka, 1990, 158 p.), [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Мұсатаева Фарида Мағауияқызы – Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жанындағы Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының бас менеджері, Астана, Қазақстан.

Mussatayeva Farida Magauievna – Chief Manager of the Institute of Applied Ethnopolitical Studies under the Ministry of Information and Social Development, Astana, Kazakhstan.